



Суретші Жанболат

Жанболат жастайынан білімге құштар, сурет салуға бейім, алғыр бала болып өскен. Оның бейнелеу өнеріне әуестігі 5-6 сыныпта оқып жүрген кезінде оянған.

Жанболат Букеев 1979 жылы Ақжайық ауданының Есенсай ауылында қарапайым отбасында дүниеге келген. Әкесі жұмысшы адам болса, анасы үй шаруасымен айналысып, бала тәрбиелеген. Ол Есенсай орта мектебінде білім алып, 1996 жылы М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетіне көркем-сурет факультетіне оқуға түседі. Оқуын тәмамдаған соң, туған ауылына оралып, мамандығы бойынша мектепке жұмысқа орналасады. Бүгінде Жанболаттың ауыл мектебінде жұмыс істегеніне 26 жылға жуық уақыт болды.

Кезінде А. Құнанбайұлы, А. Байтұрсынұлы, Ж. Молдағалиевты салған автопортрет суреттері жақсы бағаланып,

облыс әкімдігінен құрмет грамотасын, аудан әкімінен алғысхат және ақшалай сыйлық алған. Қазір бұл туындылар мектеп қабырғасында сақтаулы.

Жанболат зайыбы Айгүл екеуі – отау құрып, бес баланы тәрбиелеп, науқас әкесін бағып отырған үлгілі отбасы. Зайыбы жоғары оқу орнын бітіріп, бастауыш сыныпқа сабақ береді. Ол кісінің алғыр оқушылары республика көлемінде жарысқа қатысып, жүлделі орынды иеленіп жүр. Айгүл аудан және облыс әкімдігінің қабылдауында болып, алғысхат алған. Үлкен ұлы Нұралы биыл Алматы қаласындағы Қ. Сәтбаев атындағы техникалық университетті бітіреді. Қызы Бибіажар Ақжайық ауданының орталығындағы Ақжайық гимназиясын аяқтап жатыр. Сабаққа алғыр, озат үш баласы Есенсай жалпы орта білім беретін мектепте білім алуда.



Жанболат жақында «Қамшы өру» аудандық байқауынан жүлделі I орынды иеленіп, облыстық байқаудан III орынды қанжығасына байлады. Сонымен қатар таңбалы тастағы «Пырақ», елтаңбадағы мүйізді аттың бейнесін салған үшін облыс бойынша бірінші орын алды. Қолөнерден үйірме ашып, балаларды өнерге баулып отырған Жанболаттың болашағынан үлкен үміт күтеміз. Есенсай ауылының атынан ол кісіге деніне саулық, жанұясына амандық, шығармашылық шабыт тілейміз!

Мерует ҚАУМБАЕВА,
Есенсай ауылдық округі Ардагерлер кеңесінің төрайымы,
Ақжайық ауданы

«Uniserv» ЖШС қоршаған ортаға әсер етуге рұқсат алуға өтінім беру аясында мемлекеттік экологиялық сараптамаға ұсынылған жобалық құжаттаманы қарау үшін ашық жиыналыстар түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды. Құжаттама «Батыс Қазақстан облысының Сырым ауданында орналасқан Жамбентинское саз кен орнын рекультивациялау» жобасы бойынша рұқсат етілген шығарындылар стандарттарының жобасына қатысты.

Тыңдау 2026 жылғы 18 тамызда сағат 15:00-де Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданы, Аралтөбе ауылдық округі, Аралтөбе ауылында орналасқан мәжіліс залында өтеді. **Толығырақ ақпарат алу үшін <https://ndbecology.gov.kz/эко-порталына> кіріңіз. Байланыс телефоны: +7 777 468 39 38.**

ЕГЕР СЕН ҚИЫНДЫҚҚА ДУШАР БОЛСАҢ, ҚАЙДА ХАБАРЛАСУ КЕРЕК ЕКЕНІН БІЛЕСІҢ БЕ?

✓ **ӨЗІҢДІ КІНӘЛІ СЕЗІНУ, ЖАЛҒЫЗДЫҚ, ӨЗ-ӨЗІҢЕ КҮМӘНДАНУ СЕЗІМДЕРІ ЖҮІ БАҰҚАЛА МА?**

✓ **СЕНІ ЕШКІМ ТҮСІНБЕУ ЖҮР МЕ?**

✓ **УАҰЫМЫҢДЫ ЖАЛҒЫЗ ЖЕҢЕ АЛМАУ ЖҮРСІҢ БЕ?**



CALL CENTER
7420

Батыс Қазақстан облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Казталов аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны директорының бос лауазымына конкурс жариялайды. БҚО, Казталов ауданы, Казталов ауылы, Даниялов көшесі, 1 пошталық индекс 090700, телефон: 8 (71144) 32-1-44, Эл. адрес: crb_kaztal@mail.ru

1. ШЖҚ МКК «Казталов аудандық ауруханасы» қызметінің мәні аудан тұрғындарына медициналық көмек көрсету. Медициналық-профилактикалық көмекті Отбасылық денсаулық орталығы, профилактика және әлеуметтік-психологиялық көмек бөлімі, консультативтік диагностикалық бөлімдері көрсетеді. Клиникалық диагностикалық және бактериологиялық зертхана, рентген кабинеті, ультратрадыстық кабинет, эндоскопиялық кабинет, физиотерапия бөлімі, маммография, жедел жәрдем бригадаларымен қамтылған.

2. Барлық конкурсқа қатысушыларға қойылатын жалпы біліктілік талаптары:

Медицина саласында жоғары білім. Экономика/қаржы және кредит/құқық/бизнес әкімшілендіру саласында екінші жоғары білімінің болуы немесе «Қоғамдық денсаулық сақтау», «Денсаулық сақтау менеджменті», «Менеджмент» немесе «Медицина» (2011 жылға дейін ғылыми-педагогикалық магистратурада оқуын аяқтаған адамдар үшін), «Бизнес әкімшілендіру», «Іскерлік әкімшілендіру», «Экономика», «Қаржы және кредит» мамандықтары бойынша магистр дәрежесінің бо-

луы. Денсаулық сақтау саласында басшылық лауазымдарда кемінде 2 жыл еңбек өтілінің болуы. Немесе экономика/қаржы және кредит/құқық/бизнес әкімшілендіру саласында жоғары білімінің және «Қоғамдық денсаулық сақтау» немесе «Денсаулық сақтау менеджменті» мамандықтары бойынша магистр дәрежесінің болуы. Денсаулық сақтау саласында басшылық лауазымдарда кемінде 2 жыл еңбек өтілінің болуы.

3. Білуі керек:

Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексын, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексын, Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодексын, Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» заңдарын, денсаулық сақтау мәселелеріне арналған нормативтік құқықтық актілерді, халық денсаулығы жағдайының статистикасын, халық денсаулығының жағдайын сипаттайтын өлшемдер мен көрсеткіштерді, медициналық қызметтер нарығының конъюнктурасын, отандық және шетелдік медицинаның ғылыми жетістіктерін,

денсаулық сақтауды басқару жүйесі мен денсаулық сақтауды ұйымдастырудың теориялық негіздерін, халық үшін санитариялық ағартуды, гигиеналық тәрбиелеуді және салауатты өмір салтын насихаттауды ұйымдастыруды, адамның өмір сүру ортасының факторларын, денсаулық сақтау ұйымдарының жоспарлық экономикалық және қаржылық қызметтерінің негіздерін, қызметкерлердің еңбекақысын төлеу жүйесінің негіздерін, еңбек заңнамасы, еңбекті қорғаудың, қауіпсіздік техникасының, өндірістік санитарияның және өрт қауіпсіздігінің ережелері мен нормаларын.

4. Конкурсқа мынадай тұлға қатыса алмайды:

- 1) он сегіз жасқа толмаған;
- 2) бұрын сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық жасаған;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да жағдайлар.

5. Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар:

Конкурсқа қатысу үшін өтініш; мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме; ерікті нысандағы өмір-

баян; білімі туралы құжаттар көшірмесі; еңбек кітапшасының (болған жағдайда) немесе еңбек шартының көшірмесі немесе соңғы жұмыс орнынан жұмысқа қабылдау және еңбек шартын тоқтату туралы бұйрықтардан көшірме; сотталмағаны жөніндегі және денсаулық жағдайы туралы анықтама. Сонымен қатар конкурсқа қатысушылар өз біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпарат ұсына алады (біліктілік арттыру туралы құжаттардың, ғылыми дәреже және ғылыми атақ беру туралы құжаттардың, ғылыми бағылымдардың көшірмесі, осыған дейін жасаған жұмыс орны басшысының ұсынымы және т.б.).

6. Құжаттарды қабылдау және конкурсқа қатысуға өтінімдер беру уақыты:

Құжаттар ресми бұқаралық ақпарат құралдарында конкурс өткізу туралы хабарландыру жарияланған сәттен бастап 15 күнтізбелік күн ішінде қабылданады.

7. Конкурс өткізу күні:

Құжаттарды қабылдау аяқталған күннен бастап 5 жұмыс күні ішінде. Хабарлама телефон арқылы, электронды адреске және қатысушылардың ұялы телефондарына ақпарат жіберу арқылы жүзеге асырылады.

Конкурс өткізу орны: БҚО, Казталов ауданы, Казталов ауылы, Даниялов көшесі, 1 пошталық индекс 090700, телефон 8 (71144) 32-1-44, Эл. адрес: crb_kaztal@mail.ru

Газет ҚР Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылғы 19 мамырда тіркеліп, №КЗ49VPY00070442 куәлігі берілген



zhaikpress.kz

«ORAL ÓNIRI» Батыс Қазақстан облыстық қоғамдық-саяси газеті. 090000, Орал қаласы, Мұхит көшесі, 57/1. E-mail: oral_oniri@inbox.ru

Меншік иесі: «Жайық Пресс» ЖШС

Бас директор Дархан ОРАЗОВ

Редакция алқасы:
Бас редактор Бауыржан ҒҰБАЙДУЛЛИН
Нұртай ТЕКЕБАЕВ,
Гүлсезім БИЯШЕВА
(бас редактордың орынбасарлары)

Жаннат ЕСПОЛАЕВА (жауапты хатшы)

Бас директордың қабылдау бөлмесі 50-30-14. Бас редактор 51-25-80. Бас редактордың орынбасарлары 54-18-08. Жауапты хатшы 54-38-22. Жарнама қабылдау тел./факс: 51-51-09. Эл. пошта: zhaikpress-reklama@mail.ru Бухгалтерия 54-04-90.

Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді. Қолжазбаларға пікір айтылмайды және пайдаланылмаған хат авторларына жауап қайтарылмайды. Деректердің дәлдігі үшін автор жауапты. Жарияланым авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакция тапсырысымен жазылмаған материалдар үшін қаламақы төленбейді. «Орал өңірінде» жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Мақалалар электрондық нұсқада қабылданады. А белгісімен жарияланған материалдар ақылы болып есептеледі.

Газет облыстық «Oral óniri» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. «Хабар-Сервис» ЖШС баспаханасында басылды. Ақтөбе қаласы, Т. Смағұлов көшесі, 9/2. Телефон: 8 (7132) 400-400, 8 (7132) 545-545. Индекс: 65428. Осы нөмірдің таралымы: 7864 4 баспа табақ. Газет аптасына екі рет шығады.

Корректорлар: **Н. СҰЛТАНОВА,**
А. ШОҢЫРАЕВА
Кезекші редактор: **Я. РАБАЕВА**